

«Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі»МҚКК



«БЕКІТЕМІН»

Колледжі басшысы

И.Е.Нурадинов

2024 ж.

# Студенттердің ар – намыс кодексі

2024 ж

**Студент** - Қазақстан Республикасының патриоты. Ол Егемен Қазақстанның маңызды атрибуттары- рәміздерін құрметтейді.

**Студент** Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға, таңдаған мамандығында кәсіби шебер болуға, өз бойындағы үздік шығармашылық қасиеттерді дамытуға ұмтылады.

**Студент** үлкенді сыйлайды, қасындағыларға дөрекі мінез көрсетпейді.

**Студент** парасаттылықтың, мәдениеттіліктің, адамгершіліктің үлгісі, ол адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге төзбейді, адамдарды жынысына, ұлтына немесе діни ерекшелігіне қарай кемсітуге жол бермейді.

**Студент** салауатты өмір салтын ұстанады және барлық зиянды әдеттерден бас тартады.

**Студент** оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүлкін күтіп ұстайды.

**Студент** шығармашылық (ғылыми-біліми, спорт, көркемөнер және т.б.) белсенділікті дамытуға, корпоративтік мәдениетті және оқу орнының беделін көтеруге бағытталған барлық қызметтің қажетті және пайдалы екенін мойындайды.

**Студент** академиялық теріс әдеттердің барлық түрлерімен күресуді өзінің міндеті деп санайды: реферат, курстық жұмыс, дипломдық тағы басқа жұмыстар.

**Студент** сапалы және бәсекеге қабілетті білім ала отырып, Қазақстанның болашақ бетке ұстар, лайықты маманы болуы қажет.

**Студент** Туыстық немесе қызметтік қатынастарды пайдалана отырып себепсіз сабақтарды жіберуге және жоғары баға алуға ешқандай жол берілмейді.